

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»
2023 ж. «09» қаңтар
отырыс хаттамасы

АВТОГАРАНТ АВТОКӨЛІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
№ 7 ҚОСЫМШАСЫ

Алматы қ., 2023 ж.



АВТОГАРАНТ АВТОКӨЛІКТІ
 ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
 АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
 № 7 ҚОСЫМШАСЫ



Сақтандыру

Сақтандыру класы:	Автокөлікті ерікті сақтандыру.
Сақтанушы:	Меншік, жалға алу құқығындағы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да негіздегі сақтандырылған көлік құралының (бұдан әрі - АК) иесі (меншік иесі) болып табылатын, сондай-ақ, автокөліктің кепіліне несие берген ұйымның қарыз алушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.
Пайда алушы:	<p>1. АК ұрлау, айдап әкету/ұрлық, толық бүлдіру/жоғалту кезінде:</p> <p>1) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасы шегінде АК кепіліне несие берген ұйым.</p> <p>2) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасынан асатын бөлікте сақтанушы немесе оның өкілі.</p> <p>2. АК бүлінуі кезінде:</p> <p>1) Амортизациялық тозуды есепке алмастан техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚКС*);</p> <p>2) Амортизациялық тозуды есепке алмастан арнайы ТҚКС (АрнайыТҚКС**).</p> <p>* ТҚКС – Сақтанушыға/Сақтандырылушыға қызмет көрсетілетін техникалық қызмет көрсету станциясы.</p> <p>Егер Сақтандырушының пікірі бойынша АК және жоспарланған жұмыстардың қосалқы бөлшектерінің құны көтерілген жағдайда, ол Сақтанушыдан/Сақтандырылушыдан Сақтандырушы ұсынған ТҚКС-да жұмысты орындауды және/немесе қосалқы бөлшектерді заттай түрде ұсынуды талап етуге құқылы.</p> <p>**АрнайыТҚКС - кепілдік аясында Сақтанушы АК-сына қызмет көрсетілетін жер.</p>
Сақтандырылушылар:	Сақтанушы заңды тұлға – сенімхат немесе жол қағазы негізіндегі тұлғалар. Сақтанушы жеке тұлға – кез келген заңды негізде көлік құралын (бұдан әрі – АК) пайдалануға жіберілген тұлғалар.
Сақтандыру шектеулері:	<p>Сақтандыруға Полисті жасау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, 5 (бес) жылдан аспаған АК қабылданады:</p> <p>Келесі санаттардағы АК сақтандыруға қабылданбайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жедел медициналық жәрдем машиналары; ✓ Әскери және/немесе құқық қорғау органдарының пайдалану үшін арнайы бейімделген немесе арнайы тағайындалған АК; ✓ Әуежайдың жабық (жалпы қолжетімсіз) аумағы шегінде пайдаланылатын АК; ✓ Спорттық жарыстарға қатысатын, оқу-жаттығу мақсаттары мен тест-драйвтарға қатысатын АК; ✓ Жалға берілетін, лизингке, жалға алынған және/немесе такси ретінде жұмыс істейтін АК. ✓ 5 (бес) жылдан асқан кез келген санаттағы АК. <p>Сақтандыру бағдарламасы мыналарды өтемейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Полис бойынша сақтандырылған АК-да кәсіпкерлік қызметінің кез келген түрін жүзеге асырумен байланысты тасымалданатын тауарлар (жолдағы тауарларды қоса алғанда) үшін залал немесе жауапкершілік; 2) мыналарға арналған АК зақымдалуы: <ul style="list-style-type: none"> ✓ нитроглицерин, динамит сияқты жарылу қаупі бар заттарды немесе кез келген басқа ұқсас заттарды тасымалдау. Егер заттардың өздері жарылу қаупін тудырмаса, бірақ жарылу қаупі бар заттардың құрамдас бөлігі болса, олар осы Полиске сәйкес тізімнен шығарылмайды. ✓ жалға, лизингке беру, жалға алу 3) АК-дағы жазатайым оқиға; 4) автомобильдерді қою орындары мен тұрақтардан басқа АК сақтауға арналған автокөлік қоймалары мен алаңдары; 5) таза қаржылай залал; 6) АК механизмдерінің сақтандыру жағдайы тудырмаған сынуы; 7) қаржы кепілдіктері.
Сақтандыру нысаны:	Сақтанушының/Сақтандырылушының АК-ны иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге, сондай-ақ сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайы нәтижесінде оның бүліну немесе жоғалу (жойылу) қаупіне байланысты мүлктік мүдделері.
Сақтандыру жағдайы:	<p>Сақтандыру оқиғасы деп келесі оқиғалардың («Барлық тәуекелдер») нәтижесінде АК-ның зақымдануы немесе қирауы (толықтай қирауы) ретінде танылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жол-көлік оқиғасы; 2) табиғи апат; 3) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері; 4) айдап кету, ұрлау; 5) басқа да күтпеген оқиғалар; 6) лаңкестік әрекеттер, ереуілдер, локауттар және т.б. 7) оптиканың бөлек зақымдалуы немесе жоғалуы; 8) шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдалуы; 9) басқа арнайы көлік құралдарын тасымалдау кезіндегі АК зақымдалуы немесе бұзылуы; 10) АК қозғалтқышына түрлі заттардың түсуі нәтижесінде қозғалтқыштың зақымдалуы немесе қирауы; 11) оңай алынатын бөлшектерінің ұрлануы.
Сақтандыру сомасы, сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру сомасынан тариф:	<p>АК сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы - Полис жасалған күнгі АК-ның нақты құны.</p> <p>Оңай алынатын бөлшектерді сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы – АК сақтандырған кездегі сақтандыру сомасының 10% жауапкершілік шегі.</p> <p>Сақтандырудың жалпы сомасы АК-ның нақты құнынан аспауы керек.</p> <p>Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен класс бойынша тариф шегінде бекітіледі (0,104% - 16,8939%).</p>
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Полис жасалған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде Сақтанушы банктік шотқа немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасыз біржолғы төлеммен сақтандыру сыйлықақысын төлейді.
Франшиза, шартсыз:	АК ішінара бүлінген кезде – болмайды;

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
АВТОГАРАНТ автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

	<p>АК толық жоғалған (қираған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлық тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 8%-ы; Оңай алынатын бөлшектері ұрланған кезде – оңай алынатын бөлшектер үшін белгіленген, сақтандыру сомасының 3%-ы.</p>
<p>Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ол Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсіне қарамастан Пайда алушыға нақты залал мөлшерінде, бірақ Полисте белгіленген жалпы сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. 2. Сақтандыру төлемі Сақтанушы таңдаған шарттарға байланысты жүзеге асырылады: <ul style="list-style-type: none"> ✓ жол полициясы органдарының құжаттарымен; ✓ жол полициясының құжаттарымен, егер залал 500 000 теңгеден аспаса. 3. Зиянның мөлшері мыналардың негізінде айқындалады: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ақау актісі мен ТҚКС берген АК жөндеуге арналған егжей-тегжейлі шот; ✓ Ақау актісі мен арнайы ТҚКС берген АК жөндеуге арналған егжей-тегжейлі шот; 4. Сақтандырушы сақтандыру полисінде көзделген құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. 5. Сақтандыру жағдайын қарау және шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды түзету/жеткіліксіздігі анықталған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қарау мерзімі оларды түзету/ұсыну мерзіміне тоқтатылады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға құжаттарды түзету қажеттілігі/олардың жеткіліксіздігі анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді. Сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі Сақтандырушыға түзетілген / жетіспейтін құжаттарды тапсырған күннен бастап қайта жаңартылады. 6. Сақтандыру төлеміне Сақтандырушының өкілі тіркеген, сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған АК-ның бүлінген бөлшектері мен шанағының бөлшектерін жөндеу және/немесе айырбастау үшін төленетін өтемақы кіреді, егер де Сақтандырушы зақымдар мен бүлінген бөлшектер, сондай-ақ АК-ның жасырын ақаулары тіркелмеген болса, Сақтанушы Сақтандырушының қатысуымен көлік құралын қайта қарауды ұйымдастыруға міндетті. 7. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы Пайда алушыға мына жағдайларда өтеуге құқылы: <ul style="list-style-type: none"> ✓ АК айдап кеткен (ұрлаған) жағдайда - сақтандыру полисі мен Сақтандыру ережелерінің талаптарын ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшиза сомасын шегергендегі жалпы сақтандыру сомасы; ✓ АК толық қираған жағдайда: <ul style="list-style-type: none"> - сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы жалпы сақтандыру сомасы, сондай-ақ сақтандыру полисінің шарттарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сертификатталған бағалаушы анықтайтын сатылуға жарамды қосалқы бөлшектер мен АК кәдеге жаратылатын қалдықтарының құны; - сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы жалпы сақтандыру сомасы, Сақтанушы Сақтандырушыға сатуға жарамды қосалқы бөлшектер мен кәдеге жарату қалдықтарын берген жағдайда. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі болмауы және/немесе бүлінуі сақтандыру жағдайына қатысы болмайтын, болмаған (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегере отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында автокөлікті қабылдау-тапсыру актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. АК-ны Сақтандырушыға беру үшін оны жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда және кеденде тіркеу есебінен шығару қажет. ✓ Сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, АК ішінара зиян келтірген жағдайда, ақау актісі және ТҚКС төлеуге арналған егжей-тегжейлі шот негізінде айқындалатын АК қалпына келтіру құны. 8. Сақтандырушы Сақтанушының АК-ын сақтау, сақтандыру оқиғасының басталуынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығындарын, егер мұндай шығындар қажет болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, өтейді. 9. АК-ның толық қирауы (конструктивтік қирауы) АК жойылған кезде, бұл ретте тиісті сертификаты бар тәуелсіз сертификатталған бағалаушы жөндеудің орынсыздығын анықтаған болса, немесе, егер залал мөлшері АК-ның нақты құнының 80%-на тең немесе одан асқан жағдайда белгіленеді. 10. Кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін, сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды. 11. АК ішінара зақымданған жағдайда сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін (мына тәуекелдерді қоспағанда: АК-ын айдап әкету, ұрлау, толық қирауы) сақтандыру сомасы полистің жарамдылық мерзімі ішінде, сақтандыру төлемінің мөлшеріне және сомасына қарамастан қалпына келтіруге жатады. 12. АВТОГАРАНТ ПЛЮС бағдарламасы бойынша ақау актісінде және төлеуге арналған егжей-тегжейлі шотта анықталған нақты залал 500 000 (бес жүз мың) теңгеден астам сомаға тең немесе одан асатын болса, ал Сақтанушы/Сақтандырылушы құзыретті органдардан құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте залал сомасын қате алдын ала бағалау ауыртпалығы Сақтанушыға/Сақтандырылушыға жүктеледі. 13. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды Сақтанушыға сақтандыру жағдайына кінәлілер болып табылатын үшінші тұлғалар немесе қосарланған сақтандыру шарты жасалған басқа сақтандырушылар өтеген жағдайларда, Сақтандырушы тек сақтандыру төлемінің сомасы мен Сақтанушының үшінші тұлғалардан алған өтемақы сомасы арасындағы айырманы өтейді. Бұл ретте Сақтандырушы үшінші тұлғалар өтеген (орны толтырылғын) залалдардың сол бөлігіндегі сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын Сақтанушының қайтаруын талап етуге құқылы. 14. Айдап әкеткен/ұрланған АК үшін сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ИИМ органдарының алдын ала тергеу жұмыстары аяқталғаннан кейін айдап әкеткен/ұрлық фактісінен кейін 2 (екі) айдан ерте емес жүргізіледі. Сақтандырушы айдап әкеткен/ұрлық үшін сақтандыру төлемін жасағаннан кейін ұрланған АК анықталған жағдайда, Сақтанушы алынған сақтандыру төлемін 30 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қайтаруға міндетті. Сақтанушы АК-дан бас тартқан жағдайда, ол оны Сақтандырушыға беруге міндетті, сондай-ақ оған құжатталған меншік құқығын да береді.
<p>Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтандыру жағдайы сақтандыру полисі бойынша мына жағдайларда өтеме жатпайды және өтелмейді: <ul style="list-style-type: none"> ✓ АК-ның тауарлық түрін жоғалтуы;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының және/немесе жолаушының сақтандыру жағдайы кезінде АҚ-да болған мүлкіне келтірілген залал; ✓ АҚ табиғи тозуы және коррозиясы; ✓ сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтырған пайдалану барысындағы механикалық/электрлік ақаулар және (немесе) бұзылулар; ✓ АҚ тентінің немесе жабынының жоғалуы немесе зақымдалуы; ✓ көлік құралы арнайы белгілермен (таңбалармен) белгіленген (құрылыс алаңдары, сел қауіпі бар аумақтар және т.б.) қоршалған және (немесе) аумақтан тыс жерге кіруге немесе тұраққа қоюға тыйым салу туралы ескертуді бұзу нәтижесінде келтірілген залал алдын алған тәуекелдер нәтижесінде зақымданған жағдайда ; ✓ кез келген бұзылулар, техникалық ақаулар немесе зауыт ақаулары салдарынан болған сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайлары нәтижесінде АҚ-ға келтірген залалдар; ✓ АҚ-ға өндіруші зауытта көзделмеген қосымша жабдықты орнату, өздігінен орнату нәтижесінде болған өрт салдарынан келтірілген залал; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының АҚ-ға келтірген залалдың құнын анықтауға жұмсалған шығындары. <p>2. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының техникалық жай-күйі мен жабдығы АҚ-ны пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен талаптар тізбесіне енгізілген техникалық ақауы бар АН-ны пайдалан кезде; ✓ жарамды жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның АҚ-ны жүргізуі; ✓ АҚ-ны алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйдегі тұлғаның басқаруы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының АҚ-дағы қауіпті заттар мен тасымалдауға тыйым салынған заттарды тасымалдауы; ✓ АҚ-да орналасқан мүліктің сақтандыру оқиғасы кезінде немесе сақтандыру оқиғасынан кейін бірден жоғалуы немесе ұрлануы; ✓ АН-ны онда қалдырылған кілттермен (бірге немесе бөлек) және (немесе) сигнал жүйесін басқару пультімен және/немесе КҚ-ын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен бірге ұрлау және айдап әкету; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайына кінәлі тұлға немесе қосарланған сақтандыру шарты жасалған Сақтандырушы жүзеге асырған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы; ✓ АҚ-ны жарыстарда, бәс тігуде, спорттық іс-шараларда жаттығу, сынақ жүргізу, жалға беру, лизингке беру немесе жалға алу мақсатында пайдалану кезеңінде болған оқиғалар. <p>3. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушының мына әрекеттері негіз бола алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру полисін жасау кезінде АҚ туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарламауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде оның техникалық жай-күйін тексеру үшін АҚ-ны беру туралы Сақтандырушының талаптарын орындамауы, сондай-ақ Сақтандырушыға бүлінген АҚ-ға (жөндеуге дейін және/немесе жөндеуден кейін) немесе оның қалдықтарына, не болмаса олар толығымен жойылуы мүмкін болған жағдайларды қоспағанда зақымдалған бөліктеріне, бөлшектері мен керек-жарақтарына, қосымша жабдыққа немесе олардың қалдықтарына қол жеткізуді қамтамасыз етпеуі; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру оқиғасы болған жерден қашып кетсе; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның нәтижесімен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы; ✓ Сақтанушы/Сақтандырылушы дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді жасай алмаған және оны құжаттармен растаған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде хабардар етпеуі; ✓ заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының қасақана қылмыс немесе әкімшілік бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері; ✓ осы Бағдарлама бойынша сақтандыру полисінің талаптарын бұзу; <p>✓ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.</p>
<p>Сақтандыру төлемін төлеу мәселесін қарауға қажет құжаттар</p>	<p>Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтандырушының өкіліне сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мына құжаттарды ұсынуға міндетті:</p> <p>1. АВТОГАРАНТ бағдарламасы бойынша сақтандырған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Полис туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) басталуы жөнінде өтінім; ✓ АҚ-ны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жол-көлік оқиғасы кезінде АҚ-ны басқарған адамның жүргізуші куәлігінің көшірмесі ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда); ✓ АҚ зақымдалуы туралы фотоесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот, сондай-ақ жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған АҚ-ны қалпына келтіру бойынша ТҚК/арнайы ТҚК орындаған жұмыс актісі (егер жұмыс аяқталған болса, жұмыстың аяқталуы туралы). <p>2. АВТОГАРАНТ ПЛЮС бағдарламасы бойынша сақтандырған жағдайда:</p>

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
АВТОГАРАНТ автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Полис туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) басталуы жөнінде өтінім; ✓ АК-ны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жүргізуші куәлігінің көшірмесі; ✓ АК-ны заңды негізде басқаруын растайтын құжат көшірмесі (сенімхат және/немесе жол қағазы (заңды тұлғалар үшін); ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда); ✓ <i>сақтандырылған АК ішінара зақымдалған кезде</i> – АК зақымдалуы туралы фотоесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот, сондай-ақ жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған АК-ны қалпына келтіру бойынша орындалған жұмыс актісі (жұмыстың аяқталуы туралы). ✓ <i>АК толық қираған жағдайда</i> – жөндеудің экономикалық орындылығын айқындау мен КҚ-ның сатуға жарамды қосалқы және кәдеге жаратылатын қалдықтарының құнын көрсете отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сертификатталған бағалаушы жасаған бұзылған АК-ны бағалау туралы есеп; ✓ сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар (сенімхат, мұрагерлік құқығы туралы куәлік және т.б.); ✓ Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап ету құқығынан төленген сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушыға беруді қамтамасыз ететін құжаттар (ЖКО-ға кінәлі тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі, талап ету құқығын беру туралы өтініш, жауап алу хаттамасы, түсініктемелер және т.б.). ✓ <u>ЖКО немесе басқа көлік оқиғасы кезінде:</u> ішкі істер органдарының құжаттары: жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКО сызбасы, жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының ішкі істер органдарына берген түсініктемелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру хаттамалары/қорытындылары; заңды күшіне енген сот қаулысы; ЖКО фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған және материалдар сотқа берілген болса, іс бойынша шешім болып табылатын заңды күшіне енген сот үкімі немесе сот шығарған өзге де іс жүргізу құжаты. ✓ <u>табиғи апаттар кезінде:</u> өртке қарсы бақылау органдарының немесе тергеу органдарының (соның ішінде өрт туралы акт, өрттің себептері туралы өрт-техникалық сараптамасының қорытындысы және т.б.); гидрометеорологиялық немесе сейсмологиялық қызметтердің, Төтенше жағдайлар министрлігі немесе басқа да құзыретті органдардың құжаттары; ✓ <u>үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, қозғалтқышқа заттардың түсуі, оның ішінде АК-ны айдап әкету мен ұрлығы кезінде:</u> оқиға фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, ішкі істер органдарының қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысы, қылмыстық істің процесстік жылжуы туралы қаулылар, алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – қылмыстық істі немесе айыптау қорытындысын (үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген залал болса), соттың шешімін (үкімін) тоқтата тұру туралы шешім. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде, Сақтандырушы Сақтанушыдан АК-ның айдап әкетілген немесе ұрланғандар тізімінде тұрғаны туралы ішкі істер органдарынан анықтама беруін талап етуге құқылы; АК-ны тіркеу туралы барлық құжаттардың түпнұсқалары, АК-ны тіркеу туралы куәлік немесе АК-ны айдап әкету, ұрлау туралы арыз берілген кезде оны алып қою туралы қаулының (уәкілетті органның мөрімен куәландырылған), АК-ның пернелері және сигнал беру жүйесі кілттерінің барлық жинақтарын беруін талап етуге құқылы. <p>3. Оқиғаның орын алу фактісі мен мән-жайларын, оқиғаның орын алуы нәтижесінде келтірілген залалды, сондай-ақ бағалауға байланысты шығындарды растайтын құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі.</p> <p>4. Құзыретті органдардың құжаттары түпнұсқада немесе осы құжатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы тиіс.</p> <p>5. Мәлімделген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қабылдауды Сақтандырушы Сақтанушыға қабылданған құжаттар туралы анықтама беру арқылы жүзеге асырады.</p> <p>Сақтандыру полисінде, Сақтандыру бағдарламасында және «Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ көлік құралын ерікті сақтандыру ережелерінде (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) көрсетілген құжаттардың тізбесі мен саны, егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының болуы немесе болмауы және сақтандырылған АК-ға келтірілген залалдың мөлшері туралы қосымша сұратылатын құжаттарды ұсынбай, біржақты шешім қабылдай алмаған жағдайда, Сақтандырушының қалауы бойынша қысқартылуы немесе толықтырылуы мүмкін.</p>
Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:		Бағдарламамен Полистерді «BASEL» СК» АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу қарастырылған.
Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:		Ішкі саясат шеңберінде Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.
Сақтандыру аумағы:		Қазақстан Республикасы + Қырғыз Республика.
Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:		Сақтандыру мерзімі - 12 ай. Сақтанушының өтінімі бойынша – бір жылдан аз. Полис сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және Полистің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе сақтандыру сомасы таусылғанға дейін, қайсысы бірінші келгеніне байланысты жарамды болады.
Сақтандыру полисін жасасу формасы:		Полис қағаз түрінде немесе электрондық түрде беріледі.
Өтініш-сауалнаманы ұсыну формасы:		Өтініш-сауалнаманы қағаз түрінде немесе электрондық түрде беруге болады.
Автокөлікті тексеру:		АК сақтандыру өтінішіне қол қойылғаннан кейін төтенше жағдайлар комиссары немесе Сақтандырушының өкілі міндетті түрде АК-ны тексеріп, Тексеру актісін толтырады.
Айрықша шарттар:	САҚТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ПАКЕТІ	1. Сақтандыру бағдарламасы Сақтандырудың екі нұсқасын қарастырады: 2. Жарнамалық мақсатта Сақтандыру бағдарламасына ұсынылған сақтандыру шарттарына сәйкес екі атау беріледі:
		№1 нұсқа – АВТОГАРАНТ
		№2 нұсқа – АВТОГАРАНТ ПЛЮС
	Сақтандырылған тәуекелдер	«Барлық тәуекелдер»
Франшиза	АК ішінара бүлінген кезде – болмайды;	АК ішінара бүлінген кезде – болмайды;

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
 АВТОГАРАНТ автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

		АК толық жоғалған (қираған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлық тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 8%-ы; Оңай алынатын бөлшектер ұрланған жағдайда – белгіленген жауапкершілік шегінен 3%.	АК толық жоғалған (қираған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлық тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 8%-ы; Оңай алынатын бөлшектер ұрланған жағдайда – белгіленген жауапкершілік шегінен 3%.
	Сақтандыру аумағы	Қазақстан Республикасы + Қырғыз Республика.	Қазақстан Республикасы + Қырғыз Республика.
	АК жасы	5 жылға дейін	5 жылға дейін
	Сақтандыру төлемі (таңдауға қарай)	1) Амортизациялық тозуды есепке алмастан техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚКС); 2) Амортизациялық тозуды есепке алмастан арнайы ТҚКС (АрнайыТҚКС).	1) Амортизациялық тозуды есепке алмастан техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚКС); 2) Амортизациялық тозуды есепке алмастан арнайы ТҚКС (АрнайыТҚКС).
		Жол полициясы органдарының құжаттарымен;	Жол полициясының құжаттарынсыз, егер залал 500 000 теңгеден аспаса.
	Қосымша талаптар:	<ol style="list-style-type: none"> №2 нұсқаға сақтандыру оқиғасы кезінде 20 000 теңгеге дейін эвакуатор қызметін көрсетуді қамтиды. Сақтанушының бастамасы бойынша шартты мерзімінен бұрын бұзу Сақтанушының жазбаша өтініші болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сақтанушы мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішті бұзу күнінен 30 күн бұрын береді. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға аяқталмаған сақтандыру кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін шартты бұзу күнінен бастап сақтандыру сыйлықақысы сомасынан 50 % шегеріп қайтарады. Егер Сақтандырушы Сақтанушыға қандай да бір сақтандыру төлемін жасаған болса, онда бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға қайтарылмайды. Сақтандыру сыйлықақысының Сақтанушыға қайтарылуы тиіс бөлігін есептеу Шарт бұзылған күнінен бастап жүргізіледі. Шартты бұзу Тараптар арасында Шартты бұзу туралы келісімді рәсімдеу арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру сыйлықақысы бұзу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Осы Сақтандыру бағдарламасында келісілмегеннің барлығы «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ-ның Автокөлікті сақтандыру қағидаларымен реттеледі. 	